

Маскүнемдікпен, есірткі заттармен, улы заттармен ауыратындарды емдеу-сауықтыру мекемелеріне жіберу туралы сот қаулыларын қайта қараудың тәртібі туралы

Күші жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1987 жылғы 2 қазан N 10, Пленумның 1996-жылғы 20-желтоқсандағы N 11 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Маскүнемдікпен, есірткімен және улы заттармен ауыратындарды емдеу-сауықтыру мекемелеріне жіберу туралы сот қаулыларын қайта қарау кезінде туындайтын мәселелерге байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

Маскүнемдікпен, есірткімен, улы заттармен ауыратындарды емдеу-сауықтыру мекемелеріне жіберу немесе одан бас тарту туралы аудандық (қалалық) соттың қаулысы облыс прокурорының қадағалау тәртібіндегі наразылығы бойынша облыстық соттың төралқасында қайта қаралуы мүмкін екені түсіндірілсін.